

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күші жойғал*

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 наурызда № 4825 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімінің 2016 жылғы 03 мамырдағы № 9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімінің 03.05.2016 № 9 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабы және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының аумағында қалыптасқан жағдайға байланысты, елді мекендердің өмірлік қызметін қамтамасыз ету мақсатында, Қарғалы ауданының әкімі

### **Ш Е Ш І М**

### **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайларды жою басшысы болып Қарғалы ауданы әкімінің орынбасары Қ.Ізтілеу тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарғалы ауданының әкімі*

*Р.Сыдықов*